# Тәрбиешімізге алғыс білдіреміз!





Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ еліміздің дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін де қажетті шарт. Яғни, адамдардың денсаулығы да





сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Қазіргі таңда аты жаман індеттің өршіп тұрған тұсында балалардың денсаулықтары өте нәзік, ауруға жиі ұшырайды. Осы мәселе бізді ата-ана ретінде қатты алаңдатады және өмір ағымына байланысты бұл күрделі мәселеге түбегейлі берілуге уақытымыз бола бермейді. Сондықтан, жас ұрпақтың дені сау, білімді азамат болып ер жетуі, қоғамнан өз орнын дұрыс таңдай алатын, еркін ойлау қабілеті қалыптасқан, мәдениетті, іскер жеке тұлға тәрбиелеу ең алдымен, ата-анасына, одан соң мектепке дейінгі ұйымға және қоршаған ортаға байланысты болып отыр.

Осы орайда Аққайың ауданы «Балапан бөбекжай бақшасының» ортаңғы «Гүлдер» тобында тәрбиеленетін балаларымыздың тәрбиешісі Күлшат Эргазиевнаның оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізіп, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу барысында атқарып жатқан еңбектерін балабақшаның әлеуметтік желісіне жарияланған фотосуреттерін көру арқылы балалардың денсаулығына аса қамқорлық танытып, сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жиі жүргізетінін байқап уайымымыз сейілді. Сонымен қатар, ата-аналарға да балаларға балабақшадан тыс уақытта да дұрыс тәрбие мен денсаулық сақтау қағидаларына байланысты кеңестерімен бөлісіп, әр түрлі сауалнамалар да жүргізіп отырады. Тәрбиешіміздің бүлдіршіндердің денсаулығына көбірек көңіл бөлінетіні – баламыздың балабақшада үйренген денсаулықты сақтау қағидалары мен дене шынықтыру жаттығуларын үйде де қайталайтындығынан байқалады.

Дені сау, жан-жақты дамыған ұрпақ – ұлтымыздың болашағы! Осы мақсатта балаларымызға оқу-тәрбие беріп қана қоймай, балаларымыздың денсаулығын нығайтып, шынықтыру, сауықтыруда қосқан үлесіңіз үшін ортаңғы «Гүлдер тобының» ата-аналары атынан Исмаилова Күлшат Эргазиевна, Сізге шексіз алғысымызды білдіреміз! Еңбек жолыңызға шығармашылық табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға береке тілейміз!